

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Достық үйі - Этносаралық қатынастар проблемаларын зерттеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1313 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 403 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.04.2013 № 403 қаулысымен.

"Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына сәйкес, этносаралық қатынастарды мақсатты және жүйелі түрде зерттеу бойынша қажетті ұйымдастыру-құқықтық жағдай жасау, сондай-ақ Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетін дамыту және өркендету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Достық үйі - Этносаралық қатынастар проблемаларын зерттеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні ғылым және мәдениет саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 40 мекен-жайында орналасқан "Достық үйінің" ғимаратын ондағы мүлікпен қоса кәсіпорынның жарғылық капиталына берсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) кәсіпорынның жарғысын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге енгізсін;
- 2) кәсіпорынды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;
- 3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

- 1) "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысында (

Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):
көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық мемлекеттік
кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі" деген бөлім
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 415-32-жолмен толықтырылсын:

"415-32 "Достық үйі - Этносаралық қатынастар
проблемаларын зерттеу орталығы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны
(шаруашылық жүргізу құқығында) Алматы қаласы";

2) "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29
қазандағы N 1130 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж.,
N 42, 538 - құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Өзге де ұйымдар" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 48-жолмен
толықтырылсын:

"48. Достық үйі - Этносаралық қатынастар проблемаларын зерттеу орталығы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны".

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы